

## Аңдатпа

Дипломдық жұмыста көпірлік кранның құрамы мен технологиясының сипатамасы келтіріліп, оның электр жетегіне қойылатын басты талаптары қарастырылған. Кранның кинематикалық сұлбасы, электр жетегінің механикалық бөлігінің параметрлері анықталып, асинхронды қозғалтқышы таңдалып, оның параметрлері анықталған. Сонымен қатар, табиғи механикалық және электр механикалық сипаттамалары тұрғызылған.

Жиілікті реттелетін электр жетегінің автоматты басқару жүйесі таңдалып, оның параметрлері анықталған. Асинхронды машинаның құрылымдық сұлбасы мен өтпелі процестері қарастырылған. Жиілікті реттелетін электр жетегі өңделіп, оның жұмысы ЭЕМ арқылы MATLAB бағдарламасында моделдеу әдісімен зерттелді. Сонымен қатар іске қосу мен тежеу режимдерін тиімді басқаруы анықталған.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде өмір тіршілік қауіпсіздік негіздерін еңбек жағдайларында қолдану мәселері қарастырылған, қауіпті және зиянды өндіріс факторларын анықталған.

Экономикалық бөлімде кран жабдықтары үшін электр жетегі жүйесін таңдау нұсқаларының техникалық-экономикалық негіздері қарастырылып, күрделі салымдар мен пайдалану шығындарына есептеулер жүргізілген.